

Р.Е. Агыбетова<sup>1</sup>  
А.М. Бакирбекова<sup>2</sup>  
А.Б. Кульмаганбетова<sup>3</sup>

<sup>1,3</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
<sup>2</sup>Х. Досмухамедов атындағы Атырау университеті, Атырау, Қазақстан  
(E-mail: <sup>1</sup>agymbetova@mail.ru, <sup>2</sup>aigul\_bakirbek@mail.ru, <sup>3</sup>kulmaganbetova.ab@gmail.com)

## COVID-19 пандемиясынан кейінгі туризмдегі шағын және орта кәсіпкерліктің қазіргі жағдайы

**Аннотация.** Мақалада әлемдік деңгейде тараған COVID-19 коронавирус пандемиясының экономикаға тигізген әсері, оның ішінде туризм саласындағы шағын және орта кәсіпкерліктің қазіргі жағдайы мен даму болашағы қарастырылған. Авторлармен мақаланы жазу барысында туризм саласындағы кәсіпкерлікке байланысты ғылыми еңбектер, статистикалық ақпараттар мен заңнамалық құжаттарды қарастырылды. Қазақстандағы кәсіпкерлік субъектілерінің санаттары мен олардың жұмыс істеу шарттары көрсетілді. Туризм саласындағы кәсіпкерліктің қазіргі жағдайына талдау жасалынды. Сондай-ақ, COVID-19 коронавирус пандемиясының халықаралық және жергілікті деңгейде туризмге тигізген әсері бойынша талдау жүргізілді. Туризм саласын қайта қалпына келтіру және дамыту мақсатында шағын және орта кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау көрсету, инновация мен цифрландыру саясатын қолданудың үлесі зор деп қорытынды жасалынды.

**Түйін сөздер:** туризм, кәсіпкерлік қызмет, туризмдегі кәсіпкерлік, шағын және орта кәсіпкерлік, COVID-19 пандемиясы, халықаралық туризм, мемлекеттік қолдау.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2789-4320-2022-2-241-251>

### Кіріспе

Кәсіпкерлік қызметті ыңғаландыру мен дамыту қазіргі кезеңдегі ең көп талқыланатын мәселелердің бірі болып табылады. Бұл кәсіпкерлік қызмет пен кәсіпкердің әлемдік деңгейде және Қазақстандағы әлеуметтік, экономикалық, саяси және басқа да қызмет

түрлеріндегі маңыздылығының артып келе жатқандығына байланысты.

Кәсіпкерлік – бұл қоғамдық пайдамен жеке бас мүддесін үйлестіру негізінде коммерциялық жетістіктерге және басқа да табыстарға жету мақсатында мүлікті, қаржы құралдарын және басқа ресурстарды жаңаша пайдаланумен тығыз байланысты шаруашылық субъек-

тілердің бастамалы әрекеті. Туристік салада кәсіпкерлік көп дәрежеде қызмет көрсетумен байланысты. Кәсіпкерліктің субъектілері өзінің мүлкілік жауапкершілігі мен өз атынан да әрекет жасайтын жекелеген адамдар, сондай-ақ заңдық жауапкершілікпен әрекет жасайтын серіктестер ұйымы болуы мүмкін. Кәсіпкерлік белсенділіктің негізгі субъектісі кәсіпкер болып табылады. Бірақ кәсіпкер жалғыз субъект емес, кез келген жағдайда кәсіпкер тұтынушымен және мемлекетпен қарым-қатынаста болады [1].

Мақсаты. COVID-19 пандемиясынан кейінгі туризмдегі шағын және орта кәсіпкерліктің қазіргі жағдайы мен даму ерекшеліктерін анықтау.

Міндеті.

- Туризмдегі шағын және орта кәсіпкерліктің қазіргі жағдайына талдау жасау;
- COVID-19 пандемиясының халықаралық және жергілікті деңгейде туризмге тигізген әсерін анықтау;
- COVID-19 пандемиясынан кейінгі туризмдегі шағын және орта кәсіпкерлікте пайда болған мәселелерді анықтау және даму болашағын қарастыру.

### Зерттеу әдістері


Мақалада ақпараттық база ретінде Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының деректері,

«Kazakh Tourism» АҚ ҰК материалдары, «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының материалдары, «Туристік Қамқор» Корпоративтік Қорының деректері және UNWTO туристік ұйымының есептері пайдаланылды. Сондай-ақ, мақаланың теориялық-әдіснамалық негізін туризм және кәсіпкерлікке байланысты отандық ғалымдардың еңбектері, заңнамалық құжаттар, бұқаралық ақпарат құралдарының материалдары қолданылды. Заңнамалық база ретінде Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ Кәсіпкерлік Кодексі және Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы 2001 жылғы 13 маусымдағы №211 Заңы пайда-

ланылды. Себебі, Қазақстан Республикасында туризм саласындағы кәсіпкерлік қызметтің жұмысын реттеу осы құжаттар негізінде жүзеге асады. Мақалада салыстырмалы талдау, бақылау, статистикалық талдау әдістері қолданылған. Нәтижесінде, Қазақстан Республикасындағы туристік шағын және орта кәсіпкерліктің қазіргі жағдайын зерттеу үшін статистикалық деректер негізінде талдау жасалынды. Туристік агенттіктер мен туроператорлардың қызметіне салыстырмалы талдау жасалынып, COVID-19 пандемиясының туризмге деген әсері бағаланды. Сондай-ақ, пандемиядан кейінгі туризмдегі шағын және орта кәсіпкерлікте пайда болған мәселелер анықталып, алдағы даму мүмкіндіктері талқыланды.

### Талқылау

Қазақстан Республикасын туризм саласындағы кәсіпкерлік қызметтің жұмысын реттеу Туристік қызмет туралы заңы және Кәсіпкерлік кодексінің негізінде жүзеге асады. Кәсіпкерлікпен айналысу әрбір азаматтың еркі, әрі заңда тыйым салынбаған. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексінің 2-тарауында кәсіпкерлік субъектілері және олардың жұмыс істеу шарттары анықталған. Осы кодекстің 24-бабының 1-тармағына сәйкес, жұмыскерлердің жылдық орташа санына және жылдық орташа кіріске қарай кәсіпкерлік субъектілері мынадай санаттарға жатқызылады: шағын кәсіпкерлік субъектілері, оның ішінде микро кәсіпкерлік субъектілері; орта кәсіпкерлік субъектілері; ірі кәсіпкерлік субъектілері [2]. Қызметкерлерінің жылдық орташа саны 100 адамнан аспаса, ал орташа кірісі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 300 мың еселенген мөлшерінен аспайтын болса, бұл кәсіпкерлік субъектісі шағын кәсіпкерлікке жатқызылады. Егер жұмыскерлерінің жылдық орташа саны 15 адамнан аспайтын немесе жылдық орташа кірісі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолда-




Ескертпе – мәліметтер [4] негізінде автормен құрастырылған

**Сурет 1** - 2015-2020 жылдарға ЖІӨ-дегі шағын және орта кәсіпкерліктің жалпы қосылған құнының үлесі, пайызбен (%)

ныста болатын айлық есептік көрсеткіштің 30 мың еселенген мөлшерінен аспайтын субъект микро кәсіпкерлік субъектісі деп есептеледі. Тиісінше қызметкерлерінің жылдық орташа саны 250 адамнан асатын және жылдық орташа кірісі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 3 миллион еселенген мөлшерінен асатын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар – ірі кәсіпкерлік субъектілері. Кәсіпкерлік кодексінде жоғарыдағы сипаттамаларға сәйкес келмейтін, яғни қызметкерлер саны мен орташа кірісі шағын кәсіпкерлік субъектісінен көп, бірақ ірі кәсіпкерліктің көр-

сеткішінен төмен болса, оны орта кәсіпкерлікке жатқызған [3]. Шағын және орта кәсіпкерлік көптеген мемлекеттер экономикасының қозғаушы күші болып табылады. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) деректері бойынша дамыған елдерде ШОК-те жұмыспен қамтылған халықтың 60%-дан 70%-ға дейін, Қытайда-80% жұмыс істейді. Дүниежүзілік Банктің есептеуінше, дамушы елдерде алдағы 15 жылда бес жаңа жұмыс орнының төртеуін шағын және орта кәсіпорындар құрайтын болады.

2021 жылдың 1 ақпан айына шағын және орта кәсіпкерлікте (ШОК) жұмыс атқарып тұрған субъектілер саны Қазақстанда – 1 357



Ескертпе – мәліметтер [4] негізінде автормен құрастырылған

**Сурет 2** - 2015-2020 жылдарға ЖІӨ-дегі шағын кәсіпкерліктің жалпы қосылған құнының үлесі, пайызбен (%)


019 бірлікті көрсетті [4]. Белсенді ШОК субъектілерінің саны бойынша алғашқы орындарда – Алматы қаласы, Нұр-Сұлтан қаласы, Түркістан облысы болса, соңғы орындарды – Павлодар облысы, Батыс Қазақстан облысы, Солтүстік Қазақстан облысы алып отыр. 2021 жылғы 1 наурызға жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілердің саны өткен жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда Қазақстан бойынша 2,9%-ға артты, ал аймақтар бойынша ең жоғары көрсеткіштерді – Нұр-Сұлтан қаласы (9,7% артты), Қызылорда облысы (5,9% артты), Ақтөбе облысы (5,3% артты) көрсетті. Ал ең төменгі көрсеткіштер келесідей аймақтарда байқалды: Түркістан облысы (1,3% кеміді) және Шымкент қаласы (1,7% кеміді).

ЖІӨ-дегі шағын және орта кәсіпкерліктің (ШОК) жалпы қосылған құнының үлесі 2020 жылы 2015 жылмен салыстырғанда 6,7%-ға өсіп, бірқалыпты оң динамикалы қарқынды көрсетуде. ШОК үлесінде шағын кәсіпорындардың алатын орны ерекше. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша 2015-2020 жылдарға ЖІӨ-дегі шағын кәсіпкерліктің жалпы қосылған құнының үлесі 5,1%-ға, ал орта кәсіпкерліктің үлесі 1,6%-ға өсті.

Қазақстандағы ШОК қолдау жүйесі ұйымдар мен құралдардың кең спектрін қамти-

ды. «Даму» Қоры осы жүйенің бір бөлігі болып табылады және оның негізгі қызметі - ШОК-ке қаржылық қолдау көрсету. Қазақстанда 2025 жылға қарай елдің ЖІӨ-де ШОК үлесін 35%-ға дейін жеткізу міндеті қойылды. 2020 жылдың қорытындысы бойынша елдің ЖІӨ-де ШОК үлесі - 31,6% құрады. Германия, АҚШ, Жапония сияқты дамыған елдерде бұл көрсеткіш 50%-дан асады. ШОК-те жұмыспен қамтылғандар саны 6%-ға, 2016 жылғы 3,2 млн бірліктен 2020 жылы 3,4 млн бірлікке дейін өсті. Осының арқасында ШОК-тің жұмыспен қамтуға қосқан үлесі 38,6% деңгейіне жетті. Жалпы, соңғы 5 жылда «Даму» Қорының бағдарламаларына қатысушылар 28 трлн. теңгеден астам сомаға өнім шығарды, бюджетке 2,5 трлн. теңге салық төленді, 311 мыңнан астам жұмыс орны сақталды, оның ішінде 109 мыңнан астам жаңа жұмыс орындары құрылды. 2020 жылдың қыркүйегінде микро-бизнесті қолдауға «Бизнес жол картасы-2025» мемлекеттік бағдарламасының 1-ші бағыты шеңберінде портфельдік кепілдік беру және субсидиялау енгізілді. Бұл бағыт кәсіпкерлерге жылдық 6%-бен, 85% кепілдікпен 20 млн теңгеге дейін несие алуға мүмкіндік береді. Осы бағыт шеңберінде қазіргі күні 12 мыңнан астам кәсіпкерге қолдау көрсетілді.

Жыл сайын өсіп келе жатқан көрсеткіштерге қарамастан, шағын және орта кәсіпкерлікті



Ескертпе – мәліметтер [6] негізінде автормен құрастырылған

**Сурет 3 - 2021 жылға Қазақстан Республикасындағы аймақтар бойынша ресми тіркелген туристік агенттіктер саны, бірлік**

мемлекеттік қолдау перспективалық дамуға бағытталмаған. Мемлекеттік қолдау көлемі ШОК-тің ЖІӨ-де 50%-дық үлесіне қол жеткізу жөніндегі міндетке жауап бермейді, өйткені бұл үшін әлдеқайда көп ресурстар талап етіледі. ШОК-ті қолдаудың ағымдағы көлемдері жұмыспен қамтуды арттыру, салық салынатын базаны кеңейту, бизнесті көлеңкеден шығару сияқты әлеуметтік функцияларды орындауға бағдарланған. Шағын және орта кәсіпкерліктің әлсіз дамуы тоқсаныншы жылдардың басында Қазақстанның ЖІӨ-нің үштен бір бөлігін құрайтын аграрлық экономикадан мұнай бағасының шыңында ЖІӨ-нің 20%-на жеткен минералдық ресурстарды өндіруге негізделген экономикаға өтуімен түсіндіріледі, бұл ретте өндіруші секторда барлық жұмыспен қамтылғандардың тек 3%-ы ғана жұмыс істейді. Осыған сүйене отырып, ШОК айтарлықтай үлесі қызмет көрсету саласына бағдарланатынын айта аламыз. Туризм саласында тіркелген заңды тұлғалардың көп бөлігі шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылады. Олардың қатарына туристік агенттіктер мен туроператорлар кіреді. 2018 жылғы мәліметтер бойынша туризм саласында тіркелген заңды тұлғалар саны 48 750 бірлікті құрады [5].

2021 жылғы мәліметтер бойынша «Туристік Қамқор» корпоративтік қорының ре-

естірінде тіркелген туристік агенттіктер саны Қазақстан бойынша 240 бірлікті құрайды. Соның ішінде, Алматы қаласында – 79 бірлік, Нұр-Сұлтан қаласында – 69 бірлік. Елге қайтарылған туристер саны – 5 897 адам, 2020 жылы берілген туркод саны – 113 417 бірлік [6]. Нұр-Сұлтан қаласындағы туристер арасында танымал туристік агенттіктер қатарына келесілерді жатқызуға болады:

«Aydana tour», «ht.kz» (2015 жылға дейін hottour.kz), «Поедем», «Поехали с нами», «Ел Тур» және «KazTour» туристік агенттіктері. Қазақстандағы реестрде тіркелген туроператорлардың санаттары бойынша келесідей көрсеткіштер анықталды:

1. Туроператорлар саны – 21 бірлік;
2. Әуе кемесімен жалданушы-туроператорлар саны – 8 бірлік;
3. Кепілдік беру жүйесінен шыққан туроператорлар саны – 16 бірлік;
4. Қызметін уақытша тоқтатқан туроператорлар саны – 15 бірлік [6].

Қазақстандағы туристік агенттіктер туристік өнімді ұсыну және өткізу жөніндегі кәсіпкерлік қызметті көбінесе әуе кемесімен жалданушы-туроператорлармен жүзеге асыруға ұмтылады, олардың қатарына АВК Tourism, Anex tour Kazakhstan, ITOUR (Intourist), Kazunion Alliance, Pegas Kazakhstan, Touroperator «Kompas», Selfie Travel және B&K



Ескертпе – мәліметтер [8] негізінде автормен құрастырылған

**Сурет 4** - 2015-2020 жылға Қазақстандағы кіру туризмі бойынша (резидент еместер) орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілер, адам





Ескертпе – мәліметтер [8] негізінде автормен құрастырылған

**Сурет 5** - 2015-2020 жылға Қазақстандағы ішкі туризм бойынша (резиденттер) орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілер, адам

Travel KZ кіреді. Бұл кәсіпорындардың басым бөлігі Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында орналасқан.

Қазақстандағы туристік агенттіктер мен тuroператорлар санының жылдық салыстырмалы тұрақты болуына қарамастан, COVID-19 коронавирусы пандемиясының әсерінен туризмдегі көрсетілген қызмет көлемі кеміді. COVID-

19 вирусын жұқтырғандар санының көбеюіне байланысты көптеген елдер ішінара немесе толық карантиндік шаралар қабылдады. Бірқатар кәсіпорындар мен мекемелердің жұмысы тоқтатылды, мектептер мен жоғары оқу орындары дистанциондық оқуға жіберілді, бұл медициналық, экономикалық және әлеуметтік жүйелердегі шиеленістерге әкелді. Қазақстанда коронавирустың алдымен екі ірі қалада - Алматы мен Нұр-Сұлтан, содан кейін Қазақстанның басқа қалалары мен аймақтарында тіркелген жағдайларына байланысты төтенше жағдай 2020 жылғы 16 наурызда жарияланды [7]. Карантиндік шараларды енгізу экономиканың барлық секторларында, соның ішінде туризмдегі кәсіпкерлік қызметті де тоқтатуға әсер етті.


Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми деректеріне сәйкес 2020 жылы орналастыру орындарымен көрсетілген қызмет көлемі 66,9 млрд.

теңгені құрап, 2019 жылғы деңгейге қарағанда 44,5%-ға кеміген.

2020 жылы туризм индустриясы корона-вирустық пандемиядан қатты зардап шеккен экономика салаларының бірі болды. Мәселен, 2020 жылы кіру туризмі бойынша (резидент еместер) орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілер саны 252 726 адамды құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 74,2%-ға кеміді. Ал ішкі туризм бойынша (резиденттер) орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілер саны 2020 жылы 3 328 614 адамды құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 37%-ға кеміді. Қалыптасқан жағдайға байланысты туристер арасында шетелдік бағыттарға қарағанда ел ішіндегі туристік аймақтарға деген сұраныс жоғарылады. Бұл Қазақстандағы ішкі туризмнің дамуына жағдай жасады.

COVID-19 пандемиясы әлемдік деңгейде туризмге үлкен әсер етті. Дүниежүзілік Туризм Ұйымының (UNWTO) соңғы мәліметтері бойынша халықаралық келушілердің саны 2020 жылы 2019 жылмен салыстырғанда 1 млрд. (74%) төмендегенін көрсетті. Аймақтар бойынша келесі көрсеткіштер анықталды: халықаралық сапарлар саны Азия және Тынық мұхит аймағында – 84%-ға, Африка мен Таяу Шығыста – әрқайсысы 75%-ға, Еуропада – 70%-ға және Америкада – 69%-ға төмендеген [9].

Экспорттан түскен табыстың төмендеуі 1,3 трлн. АҚШ долларын құрады. Ол 2009 жылғы



Ескертпе – мәліметтер [9] негізінде автормен құрастырылған

**Сурет 6** - 2020 жылғы аймақ бойынша халықаралық сапарлар саны өзгерісінің салыстырмалы көрсеткіштері, пайызбен (%)

жаһандық экономикалық дағдарыс кезінде тіркелген шығындардан 11 есе жоғары. Яғни, COVID-19 пандемиясы 100-ден 120 миллионға дейін туристік жұмыс кәсіпорындарына қауіп төндірді. Олардың көпшілігі шағын және орта кәсіпкерлік өкілдері болып табылады.

2021 жылдың маусым-шілде айларында вакцинация және шекараны ашу арқылы халықаралық туризм аздап қалпына келе бастады. Халықаралық туристік сапарлар саны 2021 жылдың шілде айында 2020 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 40%-ға төмен болса, 2019 жылғы пандемияға дейінгі кезеңмен салыстырғанда 80% төмен болды. 2021 жылдың маусым-шілде айларындағы халықаралық сапарлардың кішігірім жақсаруы, негізінен Еуропа мен Америкаға көптеген бағыттардың ашылуымен байланысты болды. COVID-19 қарсы вакцинаның шығарылуы мен вакцинацияланған саяхатшылар үшін жол жүру шектеулерінің жеңілдеуі тұтынушылардың сенімін арттыруға және Еуропа мен әлемнің басқа бөліктерінде қауіпсіз саяхаттауды біртіндеп қалпына келтіруге ықпал етті. 2021 жылы халықаралық туризм жағдайы 2020 жылғы төмен деңгеймен салыстырмалы түрде жақсарғанына қарамастан, 2019 жылғы панде-

мияға дейінгі кезеңге қарағанда едәуір төмен болып отыр. Көптеген сарапшылар әлі күнге дейін туризмнің қалпына келуін 2022 жылдың екінші және үшінші тоқсандарымен байланыстырады. UNWTO туристік сарапшылар тобының қорытындысы бойынша, халықаралық туризмнің пандемияға дейінгі жағдайына келу мерзімі ретінде 2021 жыл – 1%, 2022 жыл – 15%, 2023 жыл – 43% және 2024 жыл немесе одан кейінірек мерзімде деп – 41% болжам жасалынды [9]. Коронавирус пандемиясының аяқталуы жаппай вакцинациялау, табиғи иммунитеттің пайда болуы, барлық өңірлерге вакциналарды жеткізу мәселесін шешу арқылы вирусты жұқтыру мен дерттен қаза табу деңгейінің күрт төмендеуі жағдайында жүзеге асады.

### Нәтижелер

Осы ақпараттарды нәтижелей келгенде, туризмді қайта құру жөніндегі қадамдар келесідей басымдықты қамтуы қажет:

1. Әлеуметтік-экономикалық зардаптарды азайту;
2. Ішкі және өңірлік туризмді дамыта отырып микро, шағын және орта кәсіпорын-

дар үшін қолайлы іскерлік ортаны қалыптастыру, бәсекеге қабілеттілікті арттыру;

3. Туризмде инновация мен цифрлық трансформацияны алға жылжыту;

4. Туризмнің орнықты, бәсекеге қабілетті, ресурс тиімділігі жоғары сала ретінде тұрақты дамуы үшін экологиялық туризмді ынталандыру;

5. Туризмді қайта құру және қалпына келтіруді қамтамасыз ету үшін серіктестікті дамыту.

Қазақстан COVID-19 пандемиясына байланысты экономиканың неғұрлым зардап шеккен салаларын қолдау және оларды ынталандыру жөнінде белсенді шаралар қабылдады. Мәселен, Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өткен төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысында елдегі әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар ұсынылды. Атап айтқанда, айыппұлдар мен өсімпұлдарды есептеуге тыйым салу, халықтың барлық қарыздары бойынша негізгі борыш пен сыйақы сомаларын төлеуді тоқтата тұру; төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты табысынан айырылған адамдарға 1 ЕТЖ (42 500 теңге) мөлшерінде ай сайынғы төлемдер; көп балалы отбасыларға, мүгедектерге және халықтың басқа да әлеуметтік осал топтарына тегін азық-түлік пен тұрмыстық жиынтықтар беру. Сондай-ақ, ШОК-ке салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің барлық түрлерін айыппұл мен өсімпұлды есептемей, үш ай мерзімге төлеу мерзімін кейінге қалдыру; ШОК субъектілері үшін оларға тиесілі жылжымайтын мүлік объектілері бойынша жалдау төлемдерін есептеуді үш ай мерзімге тоқтата тұру. Экономиканың неғұрлым зардап шеккен салаларындағы ШОК субъектілері үшін 6 айға (2020 жылғы 1 сәуірден бастап 1 қазанға дейін) еңбекақы төлеу қорынан салықтар мен басқа да төлемдерді есептеу және төлеу тоқтатылды [10]. Бұл салаларға: қоғамдық тамақтандыру, сауданың жекелеген секторлары, көлік қызметтері, кеңес беру қызметтері, қонақ үй бизнесі, туризм және т.б. кірді. Шетелдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, туризмді дамыту то-

лығымен мемлекеттің осы саладағы рөлі мен қатысуына байланысты. Осы себепті мемлекет туристік салаға айтарлықтай қолдау көрсететін елдерде ол белсенді дамып келеді. Ұлттық экономиканың маңызды салаларының бірі және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізі бола отырып, туристік қызмет оның толыққанды және уақытылы қолдауын қажет етеді. Мемлекет тарапынан туризм саласын жеткіліксіз қолдау отандық туристік өнімнің әлемдік және ішкі туристік нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне алып келуі мүмкін.

### Қорытынды

Жалпы қорытындылайтын болсақ, туристік салада экономикалық жағдайды қалпына келтірудің даму болашағы қазіргі таңда әлемдік өте өзекті мәселелер қатарында тұрғанын көруге болады. Туризмдегі кәсіпорындардың 80%-ын шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері құрайды. Ал еліміздегі туристік шағын кәсіпкерліктің басым бөлігін туроператорлар және туристік агенттіктер қызметі алып отыр. UNWTO ұйымы және McKinsey & Company сияқты консалтингтік компаниялардың зерттеулеріне сәйкес, COVID-19 пандемиясынан кейінгі кезеңде туризм саласын қайта қалпына келтіру және дамыту үшін микро, шағын, орта кәсіпкерлікке қолдау көрсету және инновация мен цифрландыру саясатын қолданудың үлесі зор деп қорытынды жасалды. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне пандемиядан кейінгі уақытта қолдау көрсету өте маңызды. Сондықтан, Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында COVID-19 кейінгі кезеңде ынталандырудың жаңа шаралары әзірленіп, уақытылы енгізілуі қажет. Тәжірибе көрсеткендей, үлкен қаржылық дағдарыстардан кейін туризмге деген сұраныс үш-төрт жыл ішінде қалыпты деңгейге оралады. COVID-19 бұған дейінгі дағдарыстардан ерекшеленсе де, туризммен байланысты кәсіпорындар әлі де сол қарқынмен қалпына келе алады деп болжам жасалып отыр.



### Әдебиеттер тізімі

1. Шәкен А.Ш., Ақтымбаева Ә.С. Туризмдегі кәсіпкерлік іс-әрекет негіздері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 132 б.
2. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексі. [Электрон. ресурс] - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375> (қаралған күні: 11.01.2022)
3. «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ресми сайтының мәліметтері. [Электрон. ресурс] - URL: <https://atameken.kz/kk/articles/28561-biznes-sub-ektler-arasynday-ajurmashyly> (қаралған күні: 17.01.2022)
4. Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы сайтындағы шағын және орта кәсіпкерлік бойынша деректері. [Электрон. ресурс] - URL: <https://stat.gov.kz/official/industry/139/statistic/7> (қаралған күні: 20.01.2022)
5. Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы сайтындағы туризмнің қосалқы шоты бойынша деректері. [Электрон. ресурс] - URL: <https://stat.gov.kz/official/industry/11/statistic/8> (қаралған күні: 20.01.2022)
6. «Туристік Қамқор» қорының ресми сайтындағы мәліметтер. [Электрон. ресурс] - URL: <https://www.fondkamkor.kz/index.html> (қаралған күні: 20.01.2022)
7. «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы Жарлығы. [Электрон. ресурс] - URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31915024](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31915024) (қаралған күні: 25.01.2022)
8. Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы сайтындағы туризм статистикасы бойынша деректері. [Электрон. ресурс] - URL: <https://stat.gov.kz/official/industry/22/statistic/6> (қаралған күні: 25.01.2022)
9. UNWTO туристік ұйымының 2020 жылға арналған есебі. [Электрон. ресурс] - URL: <https://www.unwto.org/news/2020-worst-year-in-tourism-history-with-1-billion-fewer-international-arrivals> (қаралған күні: 28.01.2022)
10. Қазақстан Республикасының мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 31 наурыздағы мәлімдемесі. [Электрон. ресурс] - URL: [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/opublikovan-polnyiy-tekst-zayavleniya-tokaeva-396862/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/opublikovan-polnyiy-tekst-zayavleniya-tokaeva-396862/) (қаралған күні: 28.01.2022)

Р.Е. Агыбетова<sup>1</sup>, А.М. Бакирбекова<sup>2</sup>, А.Б. Кульмаганбетова<sup>3</sup>

<sup>1,3</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

<sup>2</sup>Атырауский университет имени Х. Досмұхамедова, Атырау, Казахстан

### Современное состояние малого и среднего предпринимательства в туризме после пандемии COVID-19

**Аннотация.** В статье рассматривается влияние пандемии коронавируса COVID-19, распространяющейся на мировом уровне, на экономику, в том числе современное состояние и перспективы развития малого и среднего предпринимательства в сфере туризма. При написании статьи авторами были рассмотрены научные труды, статистическая информация и законодательные документы, связанные с предпринимательством в сфере туризма. Показаны категории субъектов предпринимательства в Казахстане и условия их функционирования. Проведен анализ современного состояния предпринимательства в сфере туризма. Также был проведен анализ влияния пандемии коронавируса COVID-19 на туризм на международном и местном уровнях. В целях восстановления и развития сферы туризма сделан вывод о большой доле государственной поддержки малого и среднего предпринимательства, применения политики инноваций и цифровизации.

**Ключевые слова:** туризм, предпринимательская деятельность, предпринимательство в туризме, малое и среднее предпринимательство, пандемия COVID-19, международный туризм, государственная поддержка.

R.Y. Agybetova<sup>1</sup>, A.M. Bakirbekova<sup>2</sup>, A.B. Kulmaganbetova<sup>3</sup>

<sup>1,3</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

<sup>2</sup>Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Kazakhstan

### The current state of small and medium-sized businesses in tourism after the COVID-19 pandemic

**Abstract.** The article examines the impact of the COVID-19 coronavirus pandemic, spreading globally, on the economy, including the current state and prospects for the development of small and medium-sized businesses in the tourism sector. When writing the article, the authors reviewed scientific papers, statistical information and legislative documents related to entrepreneurship in the field of tourism. The categories of business entities in Kazakhstan and the conditions of their functioning are shown. The analysis of the current state of entrepreneurship in the field of tourism is carried out. The impact of the COVID-19 coronavirus pandemic on tourism at the international and local levels was also analyzed. In order to restore and develop the tourism sector, it was concluded that there is a large share of state support for small and medium-sized businesses, the application of innovation and digitalization policies.

**Keywords:** tourism, entrepreneurship, entrepreneurship in tourism, small and medium-sized entrepreneurship, COVID-19 pandemic, international tourism, government support.

### References

1. Shaken A.Sh., Aktymbaeva A.S. Turizmдегі кәсіпкерлік іс-әрекет негіздері: оқу құралы [Fundamentals of entrepreneurial activity in tourism: a textbook] (Almaty: Kazakh university, 2011, 132 p.). [in Kazakh]
2. Qazaqstan Respublikasynyñ 2015 jylǵy 29 qazandaǵy Kәсіпкерлік kodeksi [Business Code of the Republic of Kazakhstan dated October 29, 2015]. [Electronic resource] - Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375> (Accessed: 11.01.2022)
3. «Atameken» Ұлттық кәсіпкерлер palatasы saitynyñ мәліметтері [Data from the official website of the National Chamber of entrepreneurs "Atameken"]. [Electronic resource] - Available at: <https://atameken.kz/kk/articles/28561-biznes-sub-ektler-arasynday-ajyrmashyly> (Accessed: 17.01.2022)
4. Qazaqstan Respublikasy Ұлттық статистика бюросы saityndaǵy шағын және орта кәсіпкерлік бойынша деректері [Data on small and medium-sized enterprises on the website of the National Bureau of Statistics of the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource] - Available at: <https://stat.gov.kz/official/industry/139/statistic/7> (Accessed: 20.01.2022)
5. Qazaqstan Respublikasy Ұлттық статистика бюросы saityndaǵy turizmniñ qosalqy шоты бойынша деректері [Data on the tourism sub-account on the website of the National Bureau of Statistics of the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource] - Available at: <https://stat.gov.kz/official/industry/11/statistic/8> (Accessed: 20.01.2022)
6. «Turistik Qamqor» qorynyñ resmi saityndaǵy мәліметтері [Information on the official website of the Turistik Kamkor Foundation]. [Electronic resource] - Available at: <https://www.fondkamkor.kz/index.html> (Accessed: 20.01.2022)
7. «Qazaqstan Respublikasynda tötense jaǵdaidy engizu turaly» Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniñ 2020 jylǵy 15 nauryzdaǵy Jarlyǵy [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated March 15, 2020 "On the introduction of a state of emergency in the Republic of Kazakhstan"]. [Electronic resource] - Available at: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31915024](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31915024) (Accessed: 25.01.2022)
8. Qazaqstan Respublikasy Ұлттық статистика бюросы saityndaǵy turizm statistikasy бойынша деректері [Data on tourism statistics on the website of the National Bureau of Statistics of the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource] - Available at: <https://stat.gov.kz/official/industry/22/statistic/6> (Accessed: 25.01.2022)
9. UNWTO turistik üiymynyñ 2020 jylǵa arnalǵan esebi [UNWTO Tourism Organization Report for 2020]. [Electronic resource] - Available at: <https://www.unwto.org/news/2020-worst-year-in-tourism-history-with-1-billion-fewer-international-arrivals> (Accessed: 28.01.2022)
10. Qazaqstan Respublikasynyñ memleket bassysy Qasym-Jomart Toqaeptyñ 2020 jylǵy 31 nauryzdaǵy мәлімдемесі [Statement of the Head of State of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev dated March 31, 2020]. [Electronic resource] - Available at: [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/opublikovan-polnyiy-tekst-zayavleniya-tokaeva-396862/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/opublikovan-polnyiy-tekst-zayavleniya-tokaeva-396862/) (Accessed: 28.01.2022)

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Ағыбетова Р.Е.** – корреспонденция үшін автор, PhD, «Туризм» кафедрасының доценті м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ.Сәтпаев көшесі, 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Бакирбекова А.М.** – экономика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а., Х. Досмухамедов Атырау университеті, Студенттер даңғылы, 1, Атырау, Қазақстан.

**Құльмаганбетова А.Б.** – «Туризм» БББ 2 курс магистранты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ.Сәтпаев көшесі, 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Agybetova R.Y.** – **Corresponding author**, PhD, Ass. Professor of the Department "Tourism", L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpayev str., Nur-Sultan, Kazakhstan.

**Bakirbekova A.M.** – Candidate of Economic Sciences, Professor, Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, 1 Studentskiy ave, Atyrau, Kazakhstan.

**Kulmaganbetova A.B.** – 2nd year Master's student of the EP "Tourism", L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpayev str., Nur-Sultan, Kazakhstan.